

Түркістан облысы
«Bal-Balausa» бөбекжай балабақшасы
Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Педагогикалық кеңес

2025-2026ж

№1 педагогикалық кеңес
«Білім беру ұйымының 2025–2026 оқу жылындағы білім беру
саясаты мен басымдықтары»

Өткізу күні: 2025 жылғы 29 тамыз

Мақсаты: мемлекеттік білім беру саясатын іске асыруда бірыңғай тәсілді қамтамасыз ету, 2025–2026 оқу жылына педагогикалық ұжым қызметінің негізгі міндеттерін анықтау.

Ұзақтығы: 28

Қатысушылар: 21

1. КҮН ТӘРТІБІ

1. Жаңа оқу жылында білім беру ұйымының жұмысының басымдықтары мен негізгі бағыттары туралы.
2. Жылдық жұмыс жоспарын бекіту туралы.
3. Балабақшаның ұйымдастырушылық-шаруашылық қызметі туралы.

Тыдалды: Кеңес төрайымы сөз алып күн тәртібімен таныстырып бүгінгі педагогикалық кеңестің мақсатымен таныстырып, Мемлекет басшысы Қ. К. Тоқаевтың Тамыз конференциясының пленарлық отырысында сөйлеген сөзі (15.08.2025) ҚР Оқу-ағарту министрлігінің өзекті мәселелері жөніндегі арнайы бейне роликті көруді ұсынды. 15 тамызда Астанада еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың қатысуымен ұстаздардың республикалық Тамыз конференциясы өтті. Мемлекет басшысы білім беру саласындағы негізгі басымдықтарды айқындап берді. Біздің ортақ міндетіміз – олармен танысып, балабақшада іске асыру.

Тамыз конференциясында Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі Ғани Бектайұлы Бейсембаев саланың жетістіктері мен алдағы жоспарларын жан-жақты атап өтті. Біз бұл бағыттарды жұмысымыздың негізі етуіміз қажет.

Басты бағдарымыз – «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы. Бұл – әр оқу іс әрекетінде және іс-шараларға енгізілуі тиіс тұтас философия. Бағдарламаның мақсаты – білімді, отаншыл және жасампаз ұрпақ қалыптастыру. Биылғы оқу жылында тәрбие жұмысы 6 базалық құндылық аясында жүргізіліп, әр ай белгілі бір құндылыққа арналады. Мысалы, қыркүйек – еңбекқорлық пен кәсібилік айы, қазан – тәуелсіздік пен патриотизм айы. Мұның барлығы сіздердің күнтізбелік-тақырыптық жоспарларыңызға енгізілуі тиіс.

Екінші маңызды бағыт – жасанды интеллектіні (ЖИ) оқу процесіне біріктіру. Биылдан бастап біз ЖИ-ді жүйелі түрде енгізуді бастаймыз. Бұл

компьютер мұғалімді алмастырады деген сөз емес. ЖИ – уақытты үнемдейтін әрі оқыту әдістерін кеңейтетін біздің цифрлық көмекшіміз.

Педагогтер үшін ЖИ қолдану бойынша деңгейлік курстар кезең-кезеңімен ұйымдастырылатын болады. Қазірдің өзінде әрбір педагогке сайтта ЮНЕСКО қолдауымен "Өрлеу" БАҰО әзірлеген онлайн курсқа қолжетімділік ашылды <https://reg.orleu.edu.kz/>. Жақын арада оқудан өту керек (барлығы – 8 сабақ және тест) және куәлік алу керек.

Сонымен қатар, балабақшада білім беру процесінде жасанды интеллектіні қолданудың этикалық нормалары мен стандарттарының сақталуын қамтамасыз ететін ішкі құжатты әзірлеп, бекіту қажет.

Үшінші маңызды мәселе – педагог мәртебесі. Мемлекет басшысы мұғалімдерді өзіне тән емес жұмыстарға тартудың жол берілмейтінін қадап айтты. Педагогтің міндеті – оқыту және тәрбиелеу. Мемлекет басшысының «ұстаз - ұлттың шамшырағы» ретіндегі рөлін жоғары бағалауы педагогтерге берілген сенімге сәйкес келуге міндеттей отырып, ерекше жауапкершілік жүктейді. Бұл үшін кәсіби біліміңіз бен дағдыларыңызды үздіксіз жетілдіру өте маңызды.

Төртінші – қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету сөзсіз төртінші басымдық болып табылады.

Бұл бағытта екі жаңа бастама қарастырылуда:

біріншісі – буллингке қарсы команданы қалыптастыруға бағытталған «ДосболLIKE» буллингінің алдын алу бағдарламасын енгізу.

екіншісі – медицина қызметкерінің жаңа рөлін анықтау. Енді медицина қызметкер тек алғашқы медициналық көмек көрсетіп қана қоймай, топ тәрбиешілерімен тығыз байланыста тәрбиелік жұмысқа да қатысады.

Сонымен, биылғы ең маңызды өзгерістердің бірі – ата-аналар комитеттерінің жұмысын трансформациялау. Жаңа «Республикалық ата-аналар комитеті туралы ереже» әзірленіп, барлық деңгейде өзара әрекеттесудің нақты тік құрылымы белгіленді.

Міндетіміз – «балабақша – ата-ана – қоғам» қағидаты бойынша шынайы серіктестік орнату. Жаңа құрылым келесідей ұйымдастырылады: топ деңгейінде: алғашқы жиналыста сайланатын 3–5 ата-анадан Балабақша әдіскері «Жаңа оқу жылында білім беру ұйымының жұмысының басымдықтары мен негізгі бағыттары туралы» мәселесіне Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін ұйымдарда 2025–2026 оқу жылында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері жөніндегі әдістемелік-нұсқау хатты түсіндірді «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын, жасанды интеллект элементтерін білім беру процесіне енгізу, педагог мәртебесін арттыру және оның құқықтарын қорғау, білім алушылар үшін қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету, өткен оқу жылының талдауы негізінде білім беру сапасын және оқу жетістіктерін арттыру мәселелері айтылды. Жаңа оқу жылындағы ҰІӨ –тердің бірқатар атауы Дене шынықтыру «Дене тәрбиесі», «Қоршаған ортамен таныстыру» қоршаған

әлеммен таныстыру болып өзгергенін, сөйлеуді дамыту, «Тіл дамыту» болып өзгергені айтып өтті.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша «Жылдық жұмыс жоспарын бекіту туралы» мәселесіне оқу жұмыс жоспарын, оқу жүктемесін, сабақ кестесін, мектепке дейінгі ұйымның дамыту жоспарын, педагогикалық кеңес жоспарын, балабақшаішілік бақылау жоспарын, әдістемелік кеңес жоспарын, педагогтердің біліктілігін арттырудың перспективалық жоспарын және білім беру ұйымының ерекшеліктерін ескере отырып, басқа да жоспарларды талқылап бекітілді.

Келесі мәселелер бойынша «балабақшаның ұйымдастырушылық-шаруашылық қызметі туралы» мәселесіне санитарлық нормалардың сақталуын, білім алушыларды тамақтандыруды, қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз етуді, инклюзивті ортаны ұйымдастыруды, балабақша қызметкерлеріне арналған ішкі еңбек тәртібі ережелері мен балабақшаның жұмыс кестесін бекіту және олардың сақталуын, сондай-ақ осыған байланысты өзге де аспектілері қаралды. Педагогикалық кеңес күн тәртібіндегі қаралаған мәселелерді қарай келе шешім етеді.

2025-2026 оқу жылында білім беру ұйымының жұмысының басым бағыттары туралы

ШЕШІМ:

- «2025-2026 оқу жылында тәрбие-оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік-нұсқау хатты басшылыққа алсын;
- «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыруды қамтамасыз етсін;
- білім беру ұйымдарында академиялық адалдықты сақтау қағидаларын бекіту;
- білім беру процесінде жасанды интеллекті технологияларын қолдануды қамтамасыз ету, ЖИ-ды қолданудың этикалық нормалар мен стандарттарын сақталуын реттейтін балабақшаішілік құжатты әзірлеп, бекіту.
- білім беру процесінде жасанды интеллект мүмкіндіктерін қолдансын;
- балабақша әкімшілігінің міндеті балабақшаның негізгі міндеттері: тәрбие-білім беру сапасын арттыру, функционалдық сауаттылықты дамыту, білім алушылардың оқу жетістіктерін жақсарту болып белгіленсін.

2. Жылдық жұмыс жоспарын бекіту туралы

ШЕШІМ:

- балабақшаның 2025-2026 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары бекітілсін;

- балабақшаның оқу жүктемесі (тарификация), сабақ кестесі, балабақшаны дамыту жоспары, педагогикалық кеңестің жоспары, балабақшаішілік бақылау жоспары, әдістемелік кеңестің жоспары, педагогтердің біліктілігін арттыру жоспары және т. б. бекітілсін.
- жауапты тұлғалар бекітілген жоспарлардың уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін.

3. балабақшаның ұйымдастырушылық-шаруашылық қызметі туралы

ШЕШІМ:

- балабақша әкімшілігінің қауіпсіз және жайлы білім беру ортасын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды әзірлесін;
- меңгерушінің әкімшілік-шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары нұсқау өткізу, өртке қарсы қауіпсіздіктің жай-күйін және бейнебақылау жүйесін тұрақты тексеруді қоса алғанда, қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдасын;
- меңгерушінің әкімшілік-шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары және медицина қызметкері (келісім бойынша) балабақшада санитарлық нормалардың сақталуын қамтамасыз етсін;
- медицина қызметкері (келісім бойынша) азық-түлік сапасын бақылауды және тамақтандыруды ұйымдастыруда санитарлық-гигиеналық ережелердің сақталуын қамтамасыз етсін;
- балабақша қызметкерлері үшін Ішкі тәртіп ережелері және балабақшаның жұмыс кестесі бекітілсін.

Жиналыс төрағасы : *Б.Уәлі* **Б.Уәлі**

Хатшысы:

А.Рахимбаева **А. Рахимбаева**



№2 педагогикалық кеңес

Балабақшада қауіпсіз орта қалыптастыру және экологиялық тәрбие беру

Өткізу күні: 2025 жылғы 28 қараша

Мақсаты: Балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру, экологиялық тәрбие беру құралдарын талдау

Ұзақтығы: 45 минут

Қатысушылар: 21

1. КҮН ТӘРТІБІ

№1 педкеңестің шешімдерінің орындалуы

2. «Балалардың табиғатқа деген қамқорлық қарым-қатынасын қалай тәрбиелеу керек» тәжірибе алмасу.

3. «Балабақшадағы экологиялық тәрбие, табиғаттағы қауіпсіз орта» баяндама

Тыдалды: Кеңес төрайымы сөз алып күн тәртібімен таныстырып бүгінгі педагогикалық кеңестің мақсатымен таныстырып №1 педкеңестің шешімдерінің орындалуы туралы айтып өтті. Бүгінгі педагогикалық кеңесіміз экологиялық тәрбие туралы болмақ. Жалпы балабақшада біз экологиялық тәрбиені, балалардың табиғатқа деген қамқорлық қарым-қатынасын қалай тәрбиелеу керек деген тақырыпта тәжірибемізді ортаға салып, әріптестер өз ара әдіс алмасамыз. Деп сөзін аяқтады. Топ тәрбиешілері екі командаға бөлініп, өз тәжірибелерін ортаға салды. «Балабақшадағы экологиялық тәрбие және табиғаттағы қауіпсіз орта» тақырыбында балабақша тәрбиешісі Оразбекова Айкерім баяндама жасады. Баяндамада балалардың табиғатты сүйуге оған қамқорлық жасауға арналған ғылыми дәлелдемелермен қатар өз тәжірибесімен бөлісті.

Пікір: Оразбекова Айкерім баяндамада экологиялық тәрбиенің маңызы туралы толық қамтылған, әріптесіміз өз тәжірибесімен бөлісті.

Пікір: Г.Салыбай баяндамашыға сұрақ қойып, өз тобыңызда балаларға экологиялық тәрбие туралы қандай нақты зертеу жүргізгені туралы сұрады.

Күн тәртібіндегі қаралған мәселелерді саралай келе төмендегі шешімдер қабылданды.

№1 педкеңестің шешімдерінің орындалуы туралы

ШЕШІМ:

№1 педкеңестің шешімдерінің орындалуы күнделікті жоспар бойынша жүзеге асырылып жатыр деп есептелсін.

4. Балалардың табиғатқа деген қамқорлық қарым-қатынасын қалай тәрбиелеу керек» тәжірибе алмасу туралы

ШЕШІМ: Балалардың табиғатқа деген қамқорлық қарым-қатынасын қалай тәрбиелеу керек» тәжірибе алмасу қанағаттанарлық деп есептелсін.

5. « Балабақшадағы экологиялық тәрбие, табиғаттағы қауіпсіз орта» баяндама туралы

6. **ШЕШІМ:** « Балабақшадағы экологиялық тәрбие, табиғаттағы қауіпсіз орта» жоғары бағалансын.

Жиналыс төрағасы:

Хатшысы:



Б.Уәлі

А.Рахимбаева

№3 педагогикалық кеңес

Балабақшада қауіпсіз орта қалыптастыру және экологиялық тәрбие беру

Өткізу күні: 2026 жылғы 30 қаңтар

Мақсаты: тәрбиеленушілердің коммуникативтік, әлеументтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру.

Ұзақтығы: 45 минут

Қатысушылар: 28

2. КҮН ТӘРТІБІ

№2 педкеңестің шешімдерінің орындалуы

2. «Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру» баяндама.

3. «Мектеп жасына дейінгі баларға әлеументтік дағдылардың игертудің жолдары » кеңес

4. Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша аралық даму мониторингі.

Тыдалды: Кеңес төрайымы сөз алып күн тәртібімен таныстырып бүгінгі педагогикалық кеңестің мақсатымен таныстырып №2 педкеңестің шешімдерінің орындалуы туралы айтып өтті. Бүгінгі педагогикалық кеңесіміз тәрбиеленушілердің коммуникативтік, әлеументтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру бойынша балабақшада қандай жұмыс атқарарылып жатыр, сонымен бірге балаланың коммуникативтік қалыптастыру бойынша қандай әдіс-тәсілдер тиімді болатынын қарастырамыз. Баланың коммуникативтік дағдылары тек тілдік қабілеттеріне ғана емес, оның әлеуметтік ортада өз орнын табуына да әсер етеді. Осы дағдыларды меңгеру балаға келесі мүмкіндіктерді береді. Коммуникативтік дағдылар – бұл адамның өз ойын түсінікті әрі тиімді жеткізе білу қабілеті. Балалар үшін бұл дағдыны дамыту – олардың қоғамда дұрыс қарым-қатынас жасап, өз пікірлерін білдіру, адамдармен тіл табысу қабілетін жетілдірудің маңызды бөлігі.

Тыңдалды : Күн тәртібінде келесі баяндама оқылады, кіші топ тәрбиешісі Абиляева.Г «Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру» тақырыбында баяндама оқып баланың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру бойынша нақты мысалдар мен және өз тәжірибесіне сүйене отырып мысалдар келтірді.

Пікір : Исабек.Н сөз алып, баяндамада баланың коммуникативтік дағдысын дамыту ,баланың сөздік қорын ғана дамытып қоймайды ,сонымен қатар ол әлеументтік, танымдық дағдыларыда қоса дамитыны жөнінде

көптеген мағлұмат алдым, баяндама жоғары дәрежеде жазылған деп есептеймін -деп сөзін аяқтады.

Пікір : Тұрғын Жанар - Коммуникативтік дағдылар балаға өз ойын ашық, айқын және сенімді түрде жеткізуге мүмкіндік береді , баланы ерте жастан бастап ,сыный ойлау, өз пікірін ,өз көзқарасын айта алуға тәрбиелеу ,бұл баланың болашағының жарқын көрінісі екенін айтып өтті.

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселе бойынша , балабақшада әдіскер бүгінгі таңда баланы әлеуметтендіру дегеніміз – баланы өмірде өз орнын таба білетін, ұлттық рухани мәдениет пен дәстүрлерді біліп, сақтауға тырысатын, әлеуметтік бейімделген, өзін-өзі дамыту мен үнемі өзін-өзі жетілдіруге ұмтылатын ынталы жастарды талап ететін қазіргі қоғамның социомәдени ортасына енгізуге бағытталған үрдіс екенін атап өтті, балабақшада балалардың әлеуметтік-жеке-тұлғалық дамуы – мектепке дейінгі білім беру үрдісі бағыттарының негізгілерінің бірі болып табылады. Оның адамгершілік және эстетикалық құндылықтармен тығыз байланыста екенін де атап көрсетуге болады. Баланың әлеуметтік-жеке-тұлғалық дамуының үзбей жүзеге асырылуда, яғни білім беру мен тәрбиелеу үрдісінің барлық кезеңдеріне енгізілгенде ғана табысты болатыны шарт.

Келесі мәселе Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша аралық даму мониторингі **2025-2026 оқу жылының** қаңтар айында аралық мониторинг жүргізілді. Бастапқы бақылау нәтижелері бойынша жеке даму карталары бойынша дамыту, түзету іс-шаралары **ақпан -сәуір** айларында жүзеге асырылып, циклограммаға енгізілу жоспарланып отыр.

Бұл мониторинг педагогтердің бала дамуын үнемі бақылауы арқылы оның жетістіктерінің деңгейін ерте жастан бастап анықтау мақсатында жүргізіледі

Күн тәртібіндегі қаралған мәселелерді саралай келе төмендегі шешімдер қабылданды.

№2 педкеңестің шешімдерінің орындалуы туралы

ШЕШІМ:

№2 педкеңестің шешімдерінің орындалуы күнделікті жоспар бойынша жүзеге асырылып жатыр деп есептелсін.

2.«Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру» баяндама туралы

ШЕШІМ: есептелсін.

«Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру» баяндама **жоғары дәрежеде деп есептелсін.**

3.«Мектеп жасына дейінгі балаларға әлеуметтік дағдылардың игертудің жолдары » кеңес туралы

ШЕШІМ: Нәтижесінде, «мектеп жасына дейінгі балаларға әлеуметтік дағдыларын игерту қолға алынсын"- деп шешім қабылдады.

4. Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша аралық даму мониторингі.

ШЕШІМ: Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша аралық даму мониторингі туралы сараптама жасалып жүргізілсін.

Жиналыс төрағасы:

Хатшысы:



Б.Уәлі

А.Рахимбаева

№4 педагогикалық кеңес

Балабақшада қауіпсіз орта қалыптастыру және экологиялық тәрбие беру

Өткізу күні: 2026 жылғы 06 сәуір

Мақсаты: тәрбиеленушілердің коммуникативтік, әлеументтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру.

Ұзақтығы: 45 минут

Қатысушылар: 21

КҮН ТӘРТІБІ

ТАҚЫРЫБЫ :

«Мектеп жасына дейінгі балаларды патриотизмге тәрбиелеу»

МАҚСАТЫ:

Отанды, ана тілін сүйуге, ұлттық бірегейлікпен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу

КҮН ТӘРТІБІ:

1. №3 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы (әдіскер)
2. «Мектеп жасына дейінгі балаларға патриоттық тәрбие берудің тиімділігі» баяндама Қ.Қалима
3. Ұлттық ойындарға байланысты ойындар картотекасы (тәжірибе алмасу) (топ тәрбиешілері)

КЕЛЕСІ ПЕД КЕҢЕСКЕ ТАПСЫРМА:

- 2025-2026 оқу жылында жүргізілген жұмыстарына талдау есебін жасау

- Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда ойын арқылы оқыту, түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балалардың даму деңгейінің қорытындысы.

ТЫНДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша:

Төрайым алдыңғы педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу барысы туралы есеп берді. Жоспарланған іс-шаралардың

көпшілігі уақытылы және сапалы орындалғаны атап өтілді. Дегенмен, кейбір бағыттар бойынша (тәрбие жұмыстарының құжаттамасын толықтыру, ата-аналармен жұмыс) кемшіліктер бар екені айтылды.

2-мәселе бойынша:

Баяндамашы Қаблан.Қ мектеп жасына дейінгі балаларға патриоттық тәрбие берудің маңыздылығы мен тиімділігі туралы баяндама жасады.

Баяндамада балалардың туған жерге, елге деген сүйіспеншілігін қалыптастыруда ұлттық құндылықтардың, салт-дәстүрлердің, мемлекеттік рәміздердің орны ерекше екені айтылды. Сонымен қатар, патриоттық тәрбиені ойын, көркем әдебиет, іс-шаралар арқылы беру тиімді екендігіне тоқталды.

3-мәселе бойынша:

Ұлттық ойындарға байланысты ойындар картотекасы таныстырылды. Картотекада қазақтың дәстүрлі ойындары (қимылды, дидактикалық, зияткерлік) жүйеленіп, жас ерекшеліктеріне сай топтастырылғаны айтылды.

СӨЙЛЕГЕНДЕР:

1. Қ.Қаблан патриоттық тәрбиені күнделікті оқу қызметінде жүйелі қолдану қажеттігін атап өтті.
2. Күнтубаева Н ұлттық ойындардың балалардың қызығушылығын арттырудағы рөлін ерекше атап өтті.
3. Сихымбай А құжаттамаларды жүргізуде бірізділікті сақтау қажет екенін айтты.

ШЕШІМ:

1-мәселе бойынша:

Алдыңғы педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.

Анықталған кемшіліктерді жою бойынша жұмыстар күшейтілсін.

Жауаптыларға бақылау жүргізу тапсырылсын.

2-мәселе бойынша:

Патриоттық тәрбие беру жұмыстары жүйелі түрде ұйымдастырылсын.

Ұлттық құндылықтарды оқу-тәрбие процесінде кеңінен қолдану ұсынылсын.

Қ.Қаблан тәжірибесі таратылсын.

3-мәселе бойынша:

Ұлттық ойындар картотекасы бекітілсін.

Тәрбиешілер күнделікті жұмыста картотеканы тиімді пайдалансын.

Әр топта ұлттық ойындарды қолдану жүйесі енгізілсін.

Төрайымы:

Хатшы:

Б. Уәлі Б. Уәлі

А. Рахимбаева А. Рахимбаева



№5 педагогикалық кеңес

Тақырыбы: Отбасы және балабақша ынтымақтастығын арттыру

Өткізу күні: 2026 жылғы 29 мамыр

Мақсаты: тәрбиеленушілердің коммуникативтік, әлеументтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру.

Ұзақтығы: 45 минут

Қатысушылар: 21

ТАҚЫРЫБЫ :

«2025-2026 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысын қорытындылау

МАҚСАТЫ:

Педагогикалық іс – әрекеттің тиімділігі, өнімділігін анықтау.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. №4 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы
2. Педагогтердің, психологтың, логопедтің, медбикенің 2025-2026 оқу жылының қорытынды есебі.
3. Балалардың мектепке дайындық деңгейін анықтайтын тест нәтижесімен таныстыру. Тренинг-Әшімова М
4. 2025-2026 оқу жылының мониторинг қорытынды есебін тыңдау.
5. Әр түрлі мәселеле
 - Нұрай және Самұрық тобы тәрбиешілерін марапаттау
 - Жазғы сауықтыру іс-шаралары тыңдау.
5. Әр түрлі мәселеле
 - Манзура Әшімова, Рахимбаева А тәрбиешілерін марапаттау
 - Жазғы сауықтыру іс-шаралары

ТЫҢДАЛДЫ:

1-мәселе бойынша:

Төрайым алдыңғы педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу барысы туралы есеп берді. Жоспарланған іс-шаралардың көпшілігі уақытылы және сапалы орындалғаны атап өтілді. Дегенмен,

кейбір бағыттар бойынша (тәрбие жұмыстарының құжаттамасын толықтыру, ата-аналармен жұмыс) кемшіліктер бар екені айтылды.

2-мәселе бойынша: Педагогтердің, психологтың, логопедтің, медбикенің 2025-2026 оқу жылының қорытынды есебі. Балабақша педагогикалық мамандар бір жылдық атқатылған есептерін әдіскердің бастамасымен SVOT –әдісімен қорғап шықты.

3-мәселе бойынша: Балабақша әдіскері балалардың мектепке дайындық деңгейін анықтау мақсатында жүргізілген диагностикалық тест қорытындылары бойынша төмендегідей нәтижелер алынды:

Жоғары деңгей – балалардың оқу әрекетіне қызығушылығы жоғары, зейіні тұрақты, ойлау, есте сақтау және сөйлеу дағдылары жақсы дамыған.

Орта деңгей – негізгі дағдылары қалыптасқан, алайда кейбір бағыттар бойынша (зейін, ұсақ моторика, логикалық ойлау, сөйлеу мәдениеті) қосымша жұмыстар қажет.

Төмен деңгей – мектепте оқуға қажетті дағдылар жеткілікті деңгейде қалыптаспаған, жүйелі дамыту жұмыстарын жүргізу ұсынылады.

Тест барысында балалардың:

танымдық қабілеттері;

логикалық ойлауы;

зейіні мен есте сақтауы;

сөйлеу және қарым-қатынас дағдылары;

ұсақ қол моторикасы;

оқу әрекетіне психологиялық дайындығы бағаланды.

4- мәселе бойынша әдіскер 2025-2026 оқу жылының бастапқы мониторингінің сараптамалық қортындысна талдау жасады. Педагогикалық кеңес соңында жаз мезгіліне арналған жазғы сауықтыру іс-шаралары тыңдалып бекітілді сонымен қатар жыл қортындыс бойынша тәрбиешілер марапатталды.

ШЕШІМ:

1-мәселе бойынша:

Алдыңғы педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.

2-мәселе бойынша: Педагогтердің, психологтың, логопедтің, медбикенің 2025-2026 оқу жылының қорытынды есебі қанағаттанарлық деп есептелсін.

3-мәселе бойынша: Балалардың мектепке дайындық деңгейін анықтайтын тест нәтижесі бойынша балалар мектепке физикалық ,психологиялық , зияткерлік тұрғыдан дайын деп есептелсін.

4- мәселе бойынша: 2025-2026 оқу жылының мониторинг қорытынды есебі бойынша балалармен жеке даму жұмыстары жүргізілсін.

5. Жазғы сауықтыру іс-шарасы бекітілсін және оқу жылында жақсы нәтиже көрсеткен топ тәрбиешілері марапатталсын.

Төрайымы:  **Б.Уәлі**

Хатшы:

 **А.Рахимбаева**